

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Көші-қон органдары басшыларының кеңесін құру туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 қазандағы N 1537 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Көші-қон органдары басшыларының кеңесін құру туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы
мемлекеттердің Көші-қон органдары басшыларының
кеңесін құру туралы келісімге толықтыру енгізу туралы
хаттамаға қол қою туралы**

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Көші-қон органдары басшыларының кеңесін құру туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Қажымқанұлы Мәсімов Қазақстан Республикасының атынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Көші-қон органдары басшыларының кеңесін құру туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттамаға қол қойсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

" _ _ _ "

қ а з а н д а ғ ы

N

_ _ _ _ _

Ж а р л ы ғ ы м е н

МАҚҰЛДАНҒАН

Жоба

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы
мемлекеттердің Көші-қон органдары басшыларының**

кеңесін құру туралы келісімге толықтыру енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2007 жылғы 5 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Көші-қон органдары басшыларының кеңесін құру туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) қатысушы мемлекеттер 2007 жылғы 5 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын одан әрі дамыту тұжырымдамасының 4.5-тармағын іске асыру мақсатында төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге қосымша болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Көші-қон органдары басшыларының кеңесі туралы ереженің 3-бөлімі мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"ТМД-ның салалық ынтымақтастық органдарының Кеңестің құзыретіне жататын көші-қон саласындағы мәселелер жөніндегі қызметін үйлестіруге;".

2-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап, ал заңнамасы оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындауды талап ететін Тараптар үшін - көрсетілген рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күнінен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

200 __ жылғы _____ қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

<i>Әзірбайжан Республикасы үшін</i>	<i>Молдова Республикасы үшін</i>
<i>Армения Республикасы үшін</i>	<i>Ресей Федерациясы үшін</i>
<i>Беларусь Республикасы үшін</i>	<i>Тәжікстан Республикасы үшін</i>
<i>Грузия үшін</i>	<i>Түрікменстан үшін</i>
<i>Қазақстан Республикасы үшін</i>	<i>Өзбекстан Республикасы үшін</i>
<i>Қырғыз Республикасы үшін</i>	<i>Украина үшін</i>